

8D09102 - «Ветеринарлық санитария» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Жумабаев Асхат Қобылбаевичтің «Батыс Қазақстан облысы су айдындарындағы балықтардың ветеринариялық санитариялық қауіпсіздігі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Диссертациялық жұмыс келесі бағдарламалар аясында орындалды: Ғылыми жұмыс Қазақстан Республикасы АИМ қаржыландыратын "БНҚ" ЖРН BR10764944 бюджеттік бағдарламасы бойынша 2021-2023 жылдарға арналған "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін талдамалық бақылау және мониторинг жүргізу әдістерін әзірлеу" ғылыми-техникалық бағдарлама, "Мал шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігін бақылау үшін тест-жүйелерді әзірлеу" ғылыми бағыты «Батыс Қазақстан облысындағы балық және балық өнімдерінің ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздігінің мониторингі» тақырыбы шеңберінде орындалды.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Докторанттың орындаған ғылыми жұмысы ветеринария ғылымының дамуына үлесін қосады . Жүргізілген жұмыс нәтижелері бойынша инвазияның балықтардың минералды заттар және аминқышқылдық құрамына, май қышқылдарының құрамына, витаминдер мөлшеріне әсер ететіндігі және балық етінің сапасын төмендетіндігі анықталған. Инвазиямен зақымданған балықтарды адам тағам ретінде пайдаланғанда ауру жұқтыруы мүмкін және адамның

			күнделікті қажетті заттарды өтеу мөлшерін толық қамтымайтындығы байқалады. алынған нәтижелер эпизоотологиялық маңызға не және зертханаларда балықтарды ветеринарлық-санитарлық сараптауда салыстырмалы көрсеткіш ретінде қолдануға болады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Жоғары. Орындалған диссертациялық жұмыс ғылыми тілде, түсінікті жазылған. Жүргізілген жұмыс нәтижелері мен талдау бөлімдерінде арнайы дереккөздерге сілтеме жасалған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген ; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Негізделген. Диссертацияда зерттеу жұмысының өзектілігі толығымен ашылған, себебі бүгінгі таңда адамдар пайдаланатын балық және балық өнімдерінің сапалы, қауіпсіз болуы үшін дұрыс ветеринариялық-санитариялық сараптау жұмыстарын ұйымдастыру өзекті мәселе болып табылады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды ; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Айқындайды. Диссертация тақырыбы «Батыс Қазақстан облысы су айдындарындағы балықтардың ветеринариялық санитариялық қауіпсіздігі» болса, осы сұрақтар толықтай диссертация мазмұнында ашылған. Барлық бөлімдер, алынған нәтижелерді талдау, қорытынды тақырыпқа толық сәйкес айқындалған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді ; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Сәйкес келеді. Диссертанттың зерттеу жұмысындағы алдына қойылған мақсаты мен міндеттері тақырыпқа сәйкес келеді, міндеттер толықтай орындалған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан ;	Толық байланысқан. Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылысы өз ара логикалық байланыста. Диссертацияның

		<p>2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.</p> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (кағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.</p>	<p>кіріспе, әдебиетке шолу, зерттеу нәтижесі бойынша негізгі бөлім, жұмыс нәтижесін талдау, қорытынды толық байланысқан.</p> <p>Сыни талдау бар. Автор зерттеу барысында инвазияның балық етінің минералды және аминқышқылдық құрамына, химиялық құрамына, витаминдер мөлшеріне әсерін анықтаған. Әрбір қолданған әдіске сыни талдау жасалған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Ішінара жаңа (25-75% жаңа). Батыс Қазақстан облысы су айдындарындағы және ішкі сауда объектілерінде сатылатын балықтардың инвазиялық ауруларына, ауыр металл тұздарына, радионуклидтерге, антибиотиктерге зерттеу жүргізген. Олардың ет сапасына, еттің көрсеткіштеріне әсерін анықтаған. Сондай-ақ зерттеу нәтижесіне сәйкес №8012 «Кадмийді балық шикізатынан шығару әдісі» пайдалы модель әзірленді.</p> <p>Толығымен жаңа. Алғаш рет Батыс Қазақстан су айдындарында инвазиямен зақымданған балық етінің минералды және аминқышқылдық құрамына, химиялық құрамына, витаминдер мөлшеріне әсері, қауіпсіздігі анықталған.</p> <p>Ішінара жаңа (25-75% жаңа).</p>
6.	Негізгі қорытындылардың	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан	Жүргізілген жұмыс нәтижесіндегі

	негізділігі	қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресен) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген . Зерттеулер нәтижесінде алынған және диссертациялық жұмыста баяндалған ғылыми деректер, қорытындылар және ұсыныстардың ғылыми негізделу дәрежесі жоғары. Ғылыми нәтижелердің логикалық байланысы және ғылыми тұрғыда құндылығы бар.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең;</p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p>	<p>Диссертациялық жұмыста қорғауға шығарылған негізгі кандидаттар толығымен дәлелденген.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың қорғауға шығарылған кандидаттары тривиалды емес, жаңашылдығы бар.</p> <p>Диссертант өзінің ғылыми жұмысында алғаш рет Батыс Қазақстан су айдындарында инвазиямен зақымданған балық етінің минералды және аминқышқылдық құрамына, химиялық құрамына және витаминдер мөлшеріне әсерін анықтады. Сондай-ақ зерттеу нәтижесіне сәйкес №8012 «Кадмийді балық шикізатынан шығару әдісі» пайдалы модель әзірленді.</p> <p>Диссертациядағы нәтижелерді зертханаларда салыстырмалы көрсеткіш ретінде қолдануға болады.</p> <p>Диссертациялық жұмыс көлемінде алынған материалдар докторанттың жарық көрген мақалаларында жан-жақты дәлелденген.</p>

		<p>1) ия: 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия: 2) жоқ.</p>	<p>Ия. Әдістеменің таңдауы негізделген және диссертациялық жұмыстағы зерттеу міндеттеріне толық сәйкес келеді.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия: 2) жоқ.</p>	<p>Ия. Диссертация жұмысының нәтижелерін алуда компьютерлік технологиялар қолданылған, балық етіндегі ауыр металдардың қалдық мөлшерін анықтау жұмыстарына вольтамперометриялық анализатор ТА-Lab (Ресей) жүргізілген, антибиотиктерді анықтау ИФТ-тетрациклин продоскрин және левомецитин - ИФТ тест жүйесімен анықталды, радионуклидтерді анықтау ИРФ-454Б2М (Ресей) рефрактометрiнiң көмегiмен рефрактометриялық әдiс арқылы анықталды</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия: 2) жоқ.</p>	<p>Ия. Диссертанттың ғылыми-зерттеу жұмыстарының қорытындылары зертхана жағдайында заманауи құрылғылармен, сондай-ақ жалпы әдістерімен алынған нәтижелермен дәлелденген және расталған.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстағы мәлімдемелері маңызды әрі нақты және сенімді. Диссертациялық жұмыс отандық, шет елдік ғалымдарының ғылыми әдебиеттеріне сілтемелер жасау арқылы расталған.</p>

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті түрде камтылған, диссертацияда 214 дереккөздер берілген, оның ішінде отандық ғалымдардың еңбектері - 21, атыс шетелдік ғалымдардың еңбектері - 122, ТМД ғалымдарының еңбектері - 71.
9	Практикалық құндылық қағидағы	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Бар. Диссертацияның теориялық маңызы бар, алынған нәтижелерді практикада қолдануға болады. Алынған нәтижелерді ветеринарлық паразитологияда, ветеринарлық-санитарлық сараптауда, экологияда қолдануға болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	Ия. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Алынған нәтижелерді ветеринарлық-санитарлық сараптау зертханаларында, ветеринарлық зертханада, балық питомниктерінде қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациядағы практикалық ұсыныстар ішінара жаңа болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы – жоғары. Диссертациялық жұмыста тақырып бойынша отандық, ТМД елдері және шет ел ғалымдарының соңғы 5-10 жыл көлеміндегі зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне терең талдау жүргізілген. Қорытындылар жасалған жұмыс нәтижелерінен алынған.
11.	Диссертацияға ескертулер	Диссертацияда орфографиялық қателер кездеседі, бірақта жұмыс маңыздылығына әсер етпейді Диссертацияда стилистикалық қателер кездеседі. Бірақта бұл ескертулер диссертация маңызын жоймайды.	
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша	Зерттеу нәтижелері 8 баспа жұмыстарында көрсетілген: 4 мақала «Ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасы Білім	

	ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	және ғылым министрлігі, Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдар тізбесіне» кіретін ғылыми журналдарда жарияланған; Нөлдік емес импакт-факторы бар журналдағы 1 мақала, Q2 65-перцентиль кұрайды және халықаралық конференция материалдарындағы 3 тезис жария етілген. Ғылыми жұмыс бойынша 2 әдістемелік нұсқаулық шығарылған. Сонымен қатар балық ағзасынан ауыр металдардың тұздарын шығару әдісі 2023 жылғы 28 сәуір №8012 "Қадмийді балық шикізатынан шығару әдісі" пайдалы модель әзірленген.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес*)	Жұмабаев Асхат Қонысбаевичтің 8D09102 – «Ветеринарлық санитария» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған «Батыс Қазақстан облысы су айдындарындағы балықтардың ветеринариялық санитариялық қауіпсіздігі» атты диссертациялық жұмысы өзіндік түрде орындалған, толық аяқталған ғылыми-зерттеу деп санаймын және авторға 8D09102 – «Ветеринарлық санитария» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі тағайындалуына ұсынамын.

Ресми рецензент,
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті,
ветеринария ғылымдарының докторы, профессор:

Н.Б. Сарсембаева

РАСТАЙМЫН
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің
«Персоналмен жұмыс және іс жүргізу басқармасы»
Коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Н.Б. Сарсембаева